


«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН  
ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН  
ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ТАУАРЛАР  
МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ  
САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН  
БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ»  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
«ДЕПАРТАМЕНТ КОНТРОЛЯ  
КАЧЕСТВА И БЕЗОПАСНОСТИ  
ТОВАРОВ И УСЛУГ ГОРОДА АЛМАТЫ  
КОМИТЕТА  
КОНТРОЛЯ КАЧЕСТВА И  
БЕЗОПАСНОСТИ ТОВАРОВ И УСЛУГ  
МИНИСТЕРСТВА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ  
БАС МЕМЛЕКЕТТІК  
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ  
ГОРОДА АЛМАТЫ

ҚАУЛЫ  
31.08.2020ж. № 59

ПОСТАНОВЛЕНИЕ  
№59 от 31.08.2020г.

**Алматы қаласының Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігерінің 15.08.2020ж.  
№56 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Алматы қаласының тұрғындары арасында коронавирустық инфекцияның (бұдан әрі - COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында және Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 28.08.2020 ж. №50–қаулысы негізінде

### Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. Алматы қаласы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Шектеу шаралары және оларды кезең-кезеңмен жеңілдету туралы» 15.08.2020 ж. №56 қаулысына келесідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1 тармақтың 3), 4) және 8) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«3) мәдениет объектілерінің (30 адамнан аспайтын жеке, топтық дайындықтар) кітапханалардың және мұражайлардың қызметіне рұқсат беру;

«4) белгіленген талаптарды сақтаған кезде және ұжымдық іс-шараларды өткізбей діни объектілердің (мешіттер, шіркеулер, соборлар, синагогалар және т. б.) қызметіне рұқсат беру»;

«8) маска режимін және кемінде 2 метр қашықтықты сақтай отырып, 15 адамнан аспайтын жеке және ұйымдасқан топтар үшін ұлттық саябақтардың, танымал туристік және тау нысандарының (Медеу, Шымбұлақ, Бутаковка, Алма-Арасан, оның ішінде радон көзі және т.б.) аумағына шығуға рұқсат беру»;

2) 1 тармақтың 7) тармақшасындағы «бассейндер» деген сөз алып тасталсын;

3) 1 тармақтың 10) тармақшасының 3 бөлігі келесідей редакцияда жазылсын:  
«-балалар түзету кабинеттері/орталықтары, балаларға және ересектерге білім беру орталықтары, топ толғанда – 5 адамнан артық емес, алдын ала жазылу бойынша, ҚР БМСД №43 қаулысының талаптары сақталған кезде»;

4)10) тармақшаның 5 және 6-бөліктерінде "(бассейндерсіз) " деген сөз алып тасталсын;

5) 1 тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері келесідей шектеу шараларын енгізілсін:

– сауда ойын сауық орталықтарының (олардың ішіндегі азық-түлік супермаркеттері мен дәріханаларды қоспағанда), сауда үйлерінің, сауда желілерінің, жұмысын тоқтата тұру;

– азық-түлік емес және азық-түлік жабық базарлардың жұмысын тоқтата тұру;

–сұлулық салондарының, шаштараздардың, СПА орталықтарының және косметологиялық қызмет көрсететін объектілердің жұмысын тоқтата тұру;

–фитнес-орталықтар мен спорттық-сауықтыру орталықтарының, бассейндердің, жаттығу залдарының және спорт кешендерінің жұмысын тоқтата тұру;

– сауналардың жұмысын тоқтата тұру;

– ашық ауадағы аттракциондардың жұмысын тоқтата тұру;

6) 1 тармақтың 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«11) халыққа қызмет көрсету орталықтарының жұмысы ҚР БМСД №43 қаулысының талаптарын сақтай отырып сағат 9.00-дан 20.00-ға дейін алдын ала жазылу бойынша ұйымдастырылсын;»;

7) 5 тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) бөлмежайларда орналасқан 30 орыннан аспайтын және ашық ауада орналасқан 50 орыннан аспайтын қоғамдық тамақтандыру объектілеріне, ұжымдық іс-шараларды өткізбеген жағдайда, жұмыс күндері, демалыс және мереке күндері сағат 23-ке дейінгі жұмыс кестесімен рұқсат ету.

Жұмыс күндері, демалыс және мереке күндері таңғы сағат 9-дан сағат 23-ке дейін тамақ жеткізу қызметіне рұқсат етіледі».

8) 2 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Алматы қаласының әкімдігіне, Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасына, Алматы қаласының білім басқармасына, Алматы қаласының кәсіпкерлік субъектілеріне өздерінің меншік нысанына қарамастан, Алматы қаласының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің аумақтық басқармаларына:».

9) 2 тармақ мынадай мазмұндағы 1.1), 1.2), 1.3), 1.4), 1.5), 1.6) және 1.7) тармақшаларымен толықтырылсын:

«1.1) контингенті 5-тен 180 адамға дейінгі, сыныптардағы балалар саны 15 адамға дейінгі мектептердің; мектепалды, 1-2 сыныптардың білім алушылары үшін білім беру ұйымдарындағы кезекші сыныптардың жұмыс істеуіне рұқсат ата-аналардың өтініші бойынша сыныптардың жиынтығы 15 баладан аспайтын жағдайда;

1.2) бір адамға 5 ш.м. су айнасы есебінен жеке форматта алдын ала жазылу бойынша бассейндер қызметіне рұқсат беру;

1.3) 5 адамнан аспайтын жеке және топтық жаттығуларға арналған спорт кешендерінің қызметіне рұқсат беру;

1.4) маска режимін және кемінде 2 метр қашықтықты сақтай отырып, 15 адамнан аспайтын жеке және ұйымдасқан топтар үшін ұлттық саябақтардың, танымал туристік және тау нысандарының (Медеу, Бутаковка, Алма-Арасан, оның ішінде радон көзі және т.б.) аумағына шығуға рұқсат беру;

1.5) кеңестерді (отырыстарды) көзбе-көз өткізуге рұқсат беру (оларды қашықтықтан өткізу мүмкіндігі болмаған кезде);

1.6) «Бөбек «Ұлттық ғылыми-практикалық білім беру және сауықтыру орталығы» қызметіне рұқсат беру;

1.7) ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған (оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған) арнайы, мамандандырылған ұйымдардың, арнайы мектеп-интернаттардың, жалпы типтегі мектеп-интернаттардың, дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың қызметіне рұқсат беруді қамтамасыз етсін.

2. Алматы қаласының білім басқармасы, Алматы қаласының кәсіпкерлік субъектілері өздерінің меншік нысанына қарамастан:

-барлық білім беру объектілерінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 16.08.2017ж. №611 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» қағидаларының орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласының әкімдігі, Алматы қаласының қалалық мобильдік басқармасы:

1) қала маңындағы жолаушылар поездарының/электр поездарының (Алматы-Ұзынағаш, Алматы-Қаскелең) қозғалысын қайта бастасын.

4. Шектеу іс-шаралары кезеңінде объектілердің қызметін қайта бастау Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері 28.08.2020 ж. №50–қаулысының 1Қосымшасына сәйкес жүзеге асырылсын.


5. Кеңестерді (отырыстарды) көзбе-көз режимде өткізу Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 28.08.2020 ж. №50–қаулысы 2Қосымшасының алгоритміне сәйкес жүргізілсін.

6. Осы қаулы ұйымдық-құқықтық нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан барлық жеке және заңды тұлғалардың, кәсіпкерлік субъектілерінің орындауы үшін міндетті.

7. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Алматы қаласының  
Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігері**



**Ж. Бекшин**